



ӘОЖ 9. 433

FTAXP 39.01.45

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.98(2).82

Кубесова Г.Т., Қуантаева С.М.**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қаласы, Қазақстан**

E-mail: gulnar_kubesova@mail.ru, Saniyaaa200@gmail.com

**ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА “ТӨҢКЕРІЛГЕН ОҚЫТУ” ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАДАМДАРЫ**

Аңдатпа. Төңкерілген сынып әдісі – оқушылардың білім алу үдерісін тиімді ұйымдастыратын инновациялық тәсіл. Бұл әдісте теориялық материалдар үйде өз бетінше меңгеріледі, ал сабақ уақыты практикалық жұмыстарға, талқылауларға және қолданбалы тапсырмаларға арналады. География пәнінде бұл әдіс карталармен, цифрлық ресурстармен, зерттеу жобаларымен және тәжірибелік тапсырмалармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Оқушылар белсенді оқу ортасына еніп, ақпаратты талдауды, өз бетімен зерттеуді және географиялық заңдылықтарды нақты деректер негізінде түсінуді үйренеді. Осылайша, төңкерілген сынып әдісі оқушылардың сыни ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Кілт сөздер. Төңкерілген сынып; география; скринкаст; видеосабак; Блум таксономиясы; ақпараттық-коммуникативті технология.

Kipicne

Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту әдістерін жаңарту – басты міндеттердің бірі. Дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалім сабақ барысында теориялық материалды түсіндіріп, оқушылар оны тыңдап, есте сақтауға тырысады. Алайда бұл тәсіл оқушылардың белсенділігі мен өздігінен білім алу қабілетін толықтай дамыта алмайды. Осыған байланысты, әлемдік білім беру тәжірибесінде тиімділігі дәлелденген заманауи әдістердің бірі – төңкерілген сынып әдісі кеңінен қолданылуда. Төңкерілген сынып әдісі – оқушылардың теориялық материалдарды алдын ала үйде өз бетінше меңгеріп, сабақ уақытын практикалық жұмыстарға, талқылауларға, жобалық тапсырмаларға жұмсауына бағытталған оқыту жүйесі. Бұл әдіс оқушылардың өзіндік зерттеу қабілетін дамытып, олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады. Әсіресе, география пәнінде төңкерілген сынып әдісін қолдану өте тиімді. Себебі география көптеген карталармен, схемалармен, инфографикалармен, цифрлық ресурстармен жұмыс істеуді талап етеді. Төңкерілген оқыту әдісін география сабағына енгізу арқылы мұғалім сабақ барысында уақытты үнемдеп, оқушыларға тәжірибелік жұмыстарды көбірек орындауға мүмкіндік береді. Оқушылар алдын ала дайындалғандықтан, олар сабаққа белсенді қатысады, картадан географиялық нысандарды анықтайды, түрлі зерттеу тапсырмаларын орындайды. Бұл тәсіл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білімді тиімді меңгеруіне ықпал етеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде дәстүрлі оқыту әдістері оқушылардың белсенділігі мен өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуда жеткіліксіз болып келеді. Оқушылар көбіне пассивті тыңдаушы рөлінде қалып, бастама көтеру мен дербес әрекет етуге аз ынта танытады. Ал XX ғасырдағы сабақ – бұл оқушылардың бірлескен әрекетке белсенді қатысатын, өз ойларын еркін білдіретін, талқылауларға араласатын алаң. Осыған



байланысты мұғалімнің рөлі өзгеруі қажет: ол тек білімді жеткізуші ғана емес, оқушылардың оқу үдерісін ұйымдастырушы, бағыттаушы тұлға болуы тиіс.

География пәні кең ауқымды ақпаратты қамтитындықтан, дәстүрлі сабақтарда уақыт тапшылығы жиі кездеседі. Оқушыларға теорияны меңгеру, картамен жұмыс істеу, зерттеу жүргізу және практикалық тапсырмаларды орындау үшін қосымша уақыт қажет. Төңкерілген сынып әдісі осы мәселенің тиімді шешімі бола алады. Бұл әдісте оқушылар теориялық материалдарды сабаққа дейін өз бетінше оқып, сабақ уақытын толықтай талқылауға, зерттеуге, сараптауға және тәжірибелік жұмыстарға арнайды. География сабақтарында әрбір оқу бейнемазмұны немесе электрондық ресурс нақты оқу мақсаттарымен байланыстырылып, түсініктеме берілуі тиіс. Оқушылар бейнематериалды жай ғана көріп қоймай, оның мазмұнын терең түсінуі үшін оған міндетті түрде тапсырма қосылуы керек. Егер дайын тапсырмалар болмаса, оқушыларға бейнематериалға қатысты бірнеше сұрақ құрастыруды ұсыну пайдалы. Бұл сұрақтар жалпы сипатта болуы мүмкін немесе бейнематериалдың нақты бөлімдеріне бағытталуы мүмкін.

Сонымен қатар, оқушыларды бейнемазмұнды көргеннен кейін конспект жазуға немесе қысқаша ескертпелер жасауға тарту маңызды. Бұл олардың ақпаратты есте сақтауына, негізгі ойларды бөліп көрсетуіне және материалды өз сөздерімен қайта баяндауға көмектеседі. Осындай тәсіл оқушылардың өзіндік зерттеу дағдыларын дамытып, олардың оқу процесіне деген жауапкершілігін арттырады.

Осы мақалада төңкерілген сынып әдісінің география сабағындағы практикалық маңызы, оны жүзеге асыру қадамдары және оның білім сапасына әсері талқыланады.

Зерттеу материалдары және әдістері

Бұл зерттеу география сабағында «Төңкерілген оқыту» әдісін қолданудың тиімділігін анықтауға бағытталған. Зерттеу жұмысында талдау, синтез, тарихи, салыстырмалы -географиялық әдістер пайдаланылды.

Зерттеу өзектілігі

Коронавирус пандемиясы, басқа төтенше жағдайларда (ауа-райы, климат және т.б.) білім беру үдерісіне жаңа көзқараспен қарауға мәжбүр етті.

Мұғалімдер мен оқушылар қашықтықтан оқуға бейімделіп, заманауи техникалық және педагогикалық технологияларды қолдануға көшті. Бұл зерттеу барысында төңкерілген оқыту әдісінің артықшылықтары мен шектеулерін анықтау үшін практикалық бақылаулар, оқушылармен және мұғалімдермен сауалнамалар жүргізілді. Жинақталған мәліметтер негізінде аталған әдістің тиімділігі мен оны география сабақтарында қолданудың оңтайлы жолдары қарастырылды.

Қазіргі заманғы компьютерлік құрылғыларды пайдалана отырып, оқытудың әртүрлі формаларын белсенді енгізуге байланысты дәрістерді үйде тыңдап, ал үй тапсырмасын сыныпта орындау әдісі кеңінен талқылануда. Сондықтан да төңкерілген оқыту «XXI ғасырдағы оқыту технологиясы» деген атауға ие болды.

Төңкерілген сынып моделінің негізін қалаушылар – Колорадо штатындағы орта мектептің химия пәні мұғалімдері Джонатан Бергман (Jonathan Bergman) және Аарон Сэмс (Aaron Sams). Олар 2006 жылы жиі сабақтан қалып қоятын спортшыларға дәрістерін қолжетімді ету жолын ойластырып, кейіннен бұл идеяны жаңа білім беру әдісіне айналдырды[1].

Төңкерілген сынып немесе төңкерілген оқыту екі негізгі компоненттен тұрады:

1. Дәрістер сыныптан тыс уақытта меңгеріледі, әдетте электронды құралдар арқылы жеткізіледі.

2. Ал үй тапсырмасы ретінде берілетін тәжірибелік тапсырмалар сынып ішінде орындалады.

География сабағында төңкерілген сынып әдісін қолдану нұсқаулығы.
Төңкерілген сынып әдісі – оқыту процесін тиімді ұйымдастырудың инновациялық тәсілі.



Бұл әдіс оқушылардың теориялық материалдарды алдын ала үйде меңгеруіне, ал сабақ уақытында практика мен зерттеу жұмыстарына көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді. Төңкерілген сынып әдісінде оқушылар жаңа материалды үйде видео немесе мәтін арқылы оқып, сыныпта талқылап, практикалық тапсырмалар орындайды. Бұл әдіс белсенділік пен сыни ойлауды дамытуға көмектеседі. География сабағында бұл әдісті сәтті қолдану үшін келесі қадамдарды орындау ұсынылады (1-кесте):

1- Кесте- География сабағында төңкерілген сынып әдісін қолдану қадамдарды

Реттік саны	Жоспар бойынша орындалатын қадамдар	Қадам бойынша жасалатын іс-әрекеттер
1-қадам:	Сабақтың тақырыбын анықтау.	Сабақтың негізгі тақырыбын нақты белгілеу қажет. Ол оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және оқушылардың қызығушылығын тудыруы тиіс.
2-қадам:	Сабақтың күтілетін нәтижелерін анықтау	Сабақ барысында қандай білім, білік, дағдылар қалыптастыру жоспарланып отыр? География пәнінің мазмұнына сәйкес қандай құзыреттіліктер дамытылады?
3-қадам:	<i>Оқу тапсырмаларын жоспарлау</i>	Әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар қарастырылуы керек: Репродуктивті деңгей – Оқушылар материалды түсініп, негізгі ұғымдарды есте сақтайды. (Мысалы, материктердің атауын картадан анықтау) Өндірістік деңгей – Оқушылар ақпаратты қолданады және талдайды. (Мысалы, белгілі бір аймақтың климаттық ерекшеліктерін сипаттау) Шығармашылық деңгей – Оқушылар жаңа идеялар ұсынады, салыстырады және қорытынды жасайды. (Мысалы, қала экологиясын жақсарту бойынша жоба жасау)
4-қадам:	Дербес жұмысты ұйымдастыру	Үйде оқушылардың өз бетімен меңгеруі үшін цифрлық ресурстарды таңдау қажет. Ресурстар: Бейнематериалдар, интерактивті карталар, викториналар, симуляторлар. Мысалы: National Geographic бейнематериалдары, Google Earth карталары, Quizlet тесттері.
5-қадам:	<i>Үй тапсырмасын дайындау</i>	Оқушыларға тақырып бойынша бейнемазмұн қарау және негізгі сұрақтарға жауап беру тапсырмасы беріледі. Оқу материалы бойынша қысқаша конспект немесе интеллект-карта жасау ұсынылады. Уақытты үнемдеу үшін тапсырмалардың күрделілігі мен орындалу ұзақтығын ескеру маңызды.
6-қадам:	<i>Сабақтағы қызметті жоспарлау</i>	Сабақ барысында оқушылар үйде алған білімдерін практикада қолданады:



		Жаңа білімді бекіту – Дискуссиялар, шағын зерттеу жобалары, инфографика құру. Практикалық жұмыстар – Картамен жұмыс, статистикалық мәліметтерді талдау. Зертханалық жұмыстар – Табиғи құбылыстарды модельдеу, климаттық өзгерістерді болжау.
--	--	--

Бұл әдіс оқушылардың дербес жұмыс дағдыларын дамытып, география пәніне деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі[2].

Осы қадамдар бойынша 03.03 - 04.03.2025 жылы Ақтөбе қ. Ұзақбай Құлымбетов атындағы №64 жалпы білім беретін орта мектебінде 8 “А” сыныбына География сабағынан Төңкерілген класс әдісін зерттеу мақсатында 2 күндік эксперименттік сабақ жүргізілді. Бұл сыныпта оқушы саны – 30. Күнтізбелік жоспар бойынша ұсынылған тақырып “Халықтың ұдайы өсу түрлері”.

География сабағында төңкерілген сынып әдісін қолдану тәжірибесі. Төңкерілген сынып әдісін алғаш рет практикалық тұрғыда қолдану үшін шамамен үш күндей уақыт қажет болды. Себебі, бұл әдісті теориялық тұрғыда белгілі болса да, оны сабақ барысында ұйымдастыру тәжірибесі болмады Жаңа әдісті тиімді жүзеге асыру мақсатында мен YouTube платформасынан орыс және ағылшын тілдеріндегі әртүрлі нұсқаларда зерттелді. Бұл бейнематериалдар төңкерілген оқытуды ұйымдастырудың қадамдарын түсінуге және видео түсірудің заңдылықтарын меңгеруге көмектесті.

Алдымен, үйде қарастырылатын тақырыпқа сәйкес бейнематериал дайындау қажеттігін ескере отырып, видео түсіруді қолға алынды. Осы мақсатта **скринкаст** түсіру әдісін таңдалды. Скринкаст – экранда орындалып жатқан әрекеттерді жазуға мүмкіндік беретін бейнемазмұн түрі. Оның басты артықшылықтары: уақытты үнемдеу; тұрақты қолжетімділік; қадамдық түсіндіру арқылы күрделі тақырыптарды оңай меңгеру мүмкіндігі; сөзбен түсіндіруден гөрі, экран арқылы көрсету арқылы оқушылардың назарын аудару.

Видео түсіру үшін алдымен **Canva** платформасында тақырып бойынша презентация дайындалды. Кейіннен скринкаст түсіру үшін <https://online-video-cutter.com/> сайты қолданылды. Бұл сайт әсіресе, егер iPhone немесе заманауи смартфон болмаған жағдайда өте ыңғайлы шешім болып табылады. Дайын презентацияны осы сайттың “**Запись онлайн**” бөлімінде “**Демонстрация экрана**” функциясын таңдау арқылы тіркеп, скринкаст жазу жүзеге асырылды.


Алғашқы видеосабақ оқушыларды әдіспен таныстыру мақсатында түсірілді. Бұл 2 минуттық қысқа видео сабақтың құрылымы: сабақтың мақсаты мен ерекшеліктерін түсіндіру; жаңа әдісті қолдану барысын баяндау; өзімді таныстыру.

Ал негізгі видеосабағым “**Ұдайы өсудің түрлері**” тақырыбы бойынша жасалды. Оның ұзақтығы – 9 минут. Дайын видеосабақтар сапасын жоғалтпай, зерттеушінің жұмыс орнында сақталды және **YouTube** платформасындағы **@СәнияМырзағалиқызы** арнасына жүктелді. Оқушыларға сабақ материалдарын ұсыну үшін YouTube видеосабақтарының сілтемесін **WhatsApp** тобы арқылы жіберілді.

Видеосабақ сілтемелері (сурет 1):

Таныстыру сабағы: <https://youtu.be/CHWojbBZcZI>


“Ұдайы өсудің түрлері” тақырыбы: <https://youtu.be/eKCL3u8jhMg>



1-сурет. Youtube қосымшасына салынған скринкаст.

Бұл әдісті қолдану барысында оқушылардың белсенділігі артқаны байқалды. Оқушылар алдын ала теориялық материалдармен танысып келгендіктен, сабақта олармен терең талқылау жүргізуге және практикалық тапсырмаларға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік туды. Осылайша, төңкерілген сынып әдісі география пәнін оқытуда тиімді тәсілдердің бірі екеніне көз жетті. Оқушылар YouTube сілтемесі арқылы өтіп, жаңа тақырыпты өздеріне ыңғайлы уақытта қарап шықты. Видеосабақты көргендері туралы **WhatsApp** тобына кері байланыс берді. Жалпы, бейнематериалды қарап шыққан оқушылар саны – **15**. Оқушылардың жаңа тақырыпты қаншалықты түсінгенін анықтау үшін тест тапсырмалары әзірленді. Бұл мақсатта **Interacty** платформасын (<https://interacty.me/tu>) қолдандым. Аталған сайтта зерттеуші жеке арнасын ашып, **10 сұрақтан тұратын тест** жасақталып, оны оқушылар тобына жіберілді (сурет 2).

Тесттің сілтемесі: **Тест тапсырмасы:**
<https://interacty.me/projects/a207cf987d29dd47>.



2-сурет. Interacty сайтында жасақталған тест.



Оқушылар тестті орындап, нәтижелерін өздері бағалап, қорытынды балдарын маған жеке чатқа жіберді. Тест тапсырмасын орындаған оқушылар саны – 22. Оның ішінде: **14 оқушы** – жоғары балл жинады, **8 оқушы** – орташа және төмен нәтиже көрсетті. Бұл әдістің арқасында оқушылар жаңа тақырыпты өз бетінше меңгеруге уақыт бөліп, өз деңгейлерін бағалай алды. Сонымен қатар, олардың нәтижелерін сараптап, қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін анықталды (сурет 3). Осылайша, **төңкерілген сынып әдісі** оқушылардың дербес білім алуын дамытуда және оқу процесінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарды.



Зсурет.Төңкерілген оқыту әдісі бойынша жүргізілген сабақ барысы



Жасақтаған қысқа мерзімді жоспар төмендегідей: Сабақтың тақырыбы: "Халықтың ұдайы өсу түрлері" Сабақтың мақсаты: оқушыларға халықтың ұдайы өсуінің түрлерін түсіндіру; Әр түрлі елдердің демографиялық көрсеткіштерін салыстыра отырып, ұдайы өсу түрлерін анықтау.

Күтілетін нәтижелер:

Халықтың ұдайы өсуінің бірінші және екінші типтерін сипаттайды;

Әр түрлі елдердің демографиялық көрсеткіштерін талдап, оларды ұдайы өсу түрлері бойынша жіктейді.

Алдын ала тапсырма (үй тапсырмасы):

Оқушыларға "Халықтың ұдайы өсу түрлері" тақырыбында бейнематериал қарау немесе оқулықтағы тиісті бөлімді оқу тапсырмасы беріледі. Оқушыларға негізгі терминдерді конспект жасап келу ұсынылады.

Сабақ барысы:

1. Кіріспе (5 минут):

- оқушылармен амандасу, қатысуды тексеру.
- сабақтың мақсаты мен жоспарын таныстыру.

2. Білімді белсендіру (10 минут):

- оқушыларға алдын ала меңгерген білімдері бойынша сұрақтар қою. "Миға шабуыл" әдісі арқылы "Халық санының өсуіне қандай факторлар әсер етеді?" деген сұрақты талқылау.

3. Негізгі бөлім (20 минут):

Оқушыларды топтарға бөлу.

Әр топ белгілі бір елдің демографиялық көрсеткіштерін зерттейді.

Оқушылар туу, өлім, табиғи өсу көрсеткіштерін талдап, оларды ұдайы өсу түрлері бойынша анықтайды.

Әр топ өз зерттеу нәтижелерін презентациялау арқылы сынып алдына ұсынады.

4. Қорытынды (10 минут):

"Бес саусақ" әдісі арқылы кері байланыс жүргізу: оқушылар сабақтан алған бес негізгі түсінігін атайды.

Бағалау:

Жұптық жұмыс пен презентацияларға қалыптастырушы бағалау жүргізіледі.

Үй тапсырмасы:

"Қазақстандағы халықтың ұдайы өсуінің қазіргі жағдайы" тақырыбында шағын эссе жазу.

Төңкерілген сынып әдісі негізінде:

1. Оқушылар сабаққа дейін скринкаст немесе басқа да цифрлық ресурстар арқылы тақырыппен алдын ала танысады.

2. Сыныпта негізінен жоғары деңгейдегі талдау, қолдану және бағалау деңгейіндегі тапсырмалар орындалады.

3. Оқушылар өз бетімен зерттеу жүргізіп, пікір алмасу арқылы тақырыпты терең меңгереді.

Төңкерілген сынып әдісі жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы пәндерде кеңінен қолдануға болатын тиімді оқыту тәсілі. Бұл әдіс оқушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын дамытып, сыныпта теорияны емес, тәжірибелік тапсырмалар мен талқылауларға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

География сабағында төңкерілген сынып әдісін қолдану оқушылардың күрделі тақырыптарды жақсы түсініп, оларды практикада қолдануына жол ашады. Сабаққа дейін оқушылар теориялық материалды алдын ала меңгеріп, видеосабақтарды бірнеше рет қайта қарап, өз қарқынымен оқи алады. Ал сыныпта карта сызу, талдау жасау, зерттеу



жұмыстарын жүргізу және геоақпараттық жүйелерді пайдалану сияқты тәжірибелік тапсырмаларға көбірек уақыт қалады[3].

Бұл тәсіл мұғалімнің оқушыларға жекелей көмек көрсетуіне жағдай жасап, оқытудың тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, оқушылардың белсенділігі артып, өздігінен білім алуға ынталандырады. Оқыту үдерісінде технологияларды, виртуалды экскурсияларды қолдану арқылы оқу материалы қызықты әрі түсінікті болады.

Кері байланыс оқушылардың сабақтан алған әсерін, материалды меңгеру деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. 8А сыныбындағы эксперименттік сабақ нәтижесінде оқушылар сабақтың пайдалы болғанын атап өтті. Олар күрделі тақырыптарды түсініп қана қоймай, алған білімдерін қолдануды үйренді. Кейбір оқушылар видеосабақты бірнеше рет қайталап көріп, материалды оңай меңгергенін айтты. Сонымен қатар, оқушылар сабақта алған білімдерінің болашақта қажет болатынын түсінгенін атап өтті.

Төңкерілген сынып әдісін қолдану нәтижесінде:

- Оқушылар теориялық материалды өз қарқынымен меңгереді.
- Сабақ барысында тәжірибелік тапсырмаларға көбірек уақыт бөлінеді.
- Оқушылардың жауапкершілігі артып, өздігінен білім алуға дағдыланады.
- Мұғалім әр оқушыға жекелей қолдау көрсете алады.
- Кері байланыс негізінде оқыту үдерісі жетілдіріліп, сабақтың тиімділігі артады.

Бұл әдіс оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқыту сапасын жақсартуға көмектеседі[4].

Қорытынды

Дәстүрлі «төңкерілген» сынып ұғымы тікелей оқытуды бейнематериалдармен алмастырып, оқушыларды сыныпта мұғалімдерімен бірге маңызды оқу әрекеттеріне назар аударуға ынталандырады. Сонымен қатар, **«төңкерілген оқыту»** ұғымы **жекелендірілген оқытуға** баса назар аударады, онда оқушылар өздерінің оқуына жауапкершілікпен қарайды. Бұл модель мұғалімнің көмекші рөлін атқаруына мүмкіндік береді, сондай-ақ оқушылар мен мұғалімдер арасындағы өзара әрекеттестікті арттырып, жеке жұмыс уақытының көбеюіне ықпал етеді. Төңкерілген сынып әдісі тікелей оқытуды **бейне және басқа қашықтықтан оқыту әдістерімен** алмастыру арқылы оқушыларға оқу материалына қажет уақыт пен жерде қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Төңкерілген оқыту» әдісінің табыстылығы мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттестіктің үйлесімділігіне байланысты және оқу процесінің барлық кезеңінде – бастапқы, орта және соңғы кезеңдерінде тұрақты мотивацияны талап етеді. Көптеген ғалымдар бұл педагогикалық әдістің әртүрлі пәндерде, соның ішінде математика және STEM бағытындағы курстарда тиімді қолданылатынын атап өтеді. Сонымен қатар, бұл тәсілге деген ұлттық қызығушылықтың артуы жаңа білім беру стратегиялары мен құралдарының дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Төңкерілген оқыту тек мектептерде ғана емес, университеттерде де кеңінен қолданылуда. Бұл әдіс білім беру жүйесіндегі күрделі педагогикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Зерттеулер көрсеткендей, төңкерілген оқыту мәселесі ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде әлі толық зерттелмеген. Осыған байланысты, бұл әдістің теориялық негіздерін қалыптастыру, бағалау әдістерін жетілдіру үшін ғылыми зерттеулерді жалғастыру қажет. Сонымен қатар, мектеп оқушылары мен студенттерге арналған ұзақ мерзімді бағдарламалар мен оқу материалдарын әзірлеу арқылы оның тәжірибелік қолданылу аспектілерін зерттеу маңызды.

ӘДЕБИЕТ

[1] «Төңкерілген оқыту» әдісін оқыту үдерісінде тиімді қолдану: әдістемелік нұсқаулық./Қ.Қ. Тілеуов, Р.Н. Жұмабаев, Ж.М. Қоңырбаева, С.И. Унбаева, Н.Ө.



Тайбазаров. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018. – 41 б.

[2] «Перевёрнутый» класс – инновационная модель обучения./М.В. Воронина. Открытое образование. 2018. – 40 стр.

[3] Особенности применения технологии дистанционного обучения в рамках школьной географии. / А.Р.Башанова., Е.А.Щипцова, Педагогические науки. Теория и методика преподавания. 2022- 240 стр.

[4] «Перевёрнутый» класс. /Цепов А. Смоленский медицинский альманах - №3, 2019. -175 стр.

REFERENCES

[1] «Тoғкерілген оқыту» ғадісін оқыту үдерісінде тіімді қолдану: әдістемелік нұсқаулық./Q.Q. Tileuov, R.N. Zhuma baev, Zh.M. Qońyrbaeva, S.I. Unbaeva, N.Á. Taibazarov. – Astana: «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBÚ Pedagogikalıq sheberlik ortalyǵy, 2018. – 41 b. [“Flipped Learning” Method in the Teaching Process: Methodological Guide. /Q.Q. Tileuov, R.N. Zhumabayev, Zh.M. Konyrbayeva, S.I. Unbayeva, N.A. Taybazarov. – Astana: Nazarbayev Intellectual Schools AEO Center for Pedagogical Excellence, 2018. – 41 p.]

[2] «Perevǝrnutyy» klass – innovatsionnaya model' obucheniya./M.V. Voronina. Otkrytoe obrazovanie. 2018. – 40 str. [“Flipped” Classroom – An Innovative Model of Education. /M.V. Voronina. Open Education. 2018. – 40 p.]

[3] Osobennosti primeneniya tekhnologii distantsionnogo obucheniya v ramkakh shkol'noy geografii. /A.R. Bashanova, E.A. Shchiptsova. Pedagogicheskie nauki. Teoriya i metodika prepodavaniya. 2022 – 240 str. [Features of Using Distance Learning Technology in School Geography. /A.R. Bashanova, E.A. Shchiptsova. Pedagogical Sciences. Theory and Methods of Teaching. 2022 – 240 p.]

[4] «Perevǝrnutyy» klass. /Tsepov A. Smolenskiy meditsinskiy al'manakh – №3, 2019. – 175 str.[“Flipped” Classroom. /Tsepov A. Smolensk Medical Almanac – No. 3, 2019. – 175 p.]

Кубесова Г.Т., Куантаева С.М.

ПРАКТИЧЕСКИЕ ШАГИ ПО ПРИМЕНЕНИЮ МЕТОДА «ПЕРЕВЕРНУТОГО ОБУЧЕНИЯ» НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ

Аннотация. Метод «перевернутого класса» – это инновационный подход, который эффективно организует процесс обучения. В этой методике теоретический материал изучается самостоятельно дома, а время урока посвящается практическим заданиям, обсуждениям и прикладным упражнениям. В преподавании географии этот метод позволяет работать с картами, цифровыми ресурсами, исследовательскими проектами и практическими заданиями. Ученики погружаются в активную образовательную среду, учатся анализировать информацию, проводить самостоятельные исследования и понимать географические закономерности на основе реальных данных. Таким образом, метод «перевернутого класса» способствует развитию критического мышления, исследовательских навыков и повышению интереса к предмету.

Ключевые слова: Перевернутый класс; география; скринкаст; видеоурок; таксономия Блума; информационно-коммуникационные технологии.

Kubesova Gulnar, Kuantayeva Saniya

PRACTICAL STEPS FOR IMPLEMENTING THE "FLIPPED LEARNING" METHOD IN GEOGRAPHY LESSONS

Annotation. The "flipped classroom" method is an innovative approach that effectively organizes the learning process. In this methodology, theoretical material is studied independently at home, while classroom time is dedicated to practical assignments, discussions,



and applied exercises. In geography education, this method enables work with maps, digital resources, research projects, and practical tasks. Students immerse themselves in an active learning environment, learning to analyze information, conduct independent research, and understand geographical patterns based on real data. Thus, the flipped classroom method contributes to the development of critical thinking, research skills, and increased interest in the subject.

Keywords: Flipped classroom; geography; screencast; video lesson; Bloom's taxonomy; information and communication technologies.